

Тақырып:

*Сын есімнің грамматикалық сипаты,
грамматикалық қызметі, ерекшелігі.*

Сабақтың мазмұны

1. SMART – мақсат
2. Теориялық бөлім
3. Ой қозғау
4. Ассоциограмма
5. Жалпы тақырыпқа шолу
6. СӨЖ тапсырмалары
7. Жоба
8. Тест тапсырмалары
9. Мәтінмен жұмыс
10. Аудиожазба
11. Кейс стади
12. Бейнеролик
13. Глоссарий

SMART мақсаты

Сын есім жайында түсініктерін пысықтау, сын есімнің сұрақтарымен таныстыру, сын есім туралы алған білімдерін саралап, жинақтау, одан әрі тереңдету; оқушылардың сөз байлығын арттыру, сауатты жазу дағдыларын жетілдіру, сөйлеу дағдыларын дамыту; адамгершілік, экологиялық тәрбиелеріне баулу.

Теориялық білім

Сын есім – заттың сапасын, сипатын, қасиетін, көлемін, салмағын, т. сін және басқа сол сияқты сыр-сипаттарын білдіретін лексика-грамматикалық сөз табы. Сұрағы – **қандай? қай?**

Сын есім құрамына қарай: 1) дара; 2) күрделі болып екіге бөлінеді.

Дара сын есім бір ғана негізгі немесе туынды түбірден тұрады. Мысалы, терең, шыдамды, удай, тәтті, тебеген, білімді, бойшаң, әдеби, т.б.

Күрделі сын есім: төмендегідей жолмен жасалады.

1) сөздердің қосарлануы: апалы-жезделі, мая-мая, жап-жасыл, аппақ, көкпеңбек, тәп-тәтті, тап-таяз, жұп-жуас, т.б.

2) сөздердің тіркесуі: қоңыр ала, бидай өңді, торы төбел, тым ұзақ, қою қалың қара, ақ шулан, ақ шабдар, т.б.

Сын есім жасалуына қарай екіге бөлінеді: 1) негізгі сын есім; 2) туынды сын есім.

Негізгі сын есім ешбір қосымшасыз негізгі түбір күйінде болады. Мысалы, *көк, сыпайы, кермек, жабайы, таза, шабан, асау, жеңіл*, т.б.

Туынды сын есім екі түрлі жолмен жасалады: **1) есім сөздерге жұрнақ жалғану арқылы; 2) етістікке жұрнақ жалғану арқылы.**

Туынды сын есімнің жасалуы Сын есім мағынасына қарай екіге бөлінеді: 1) сапалық сын есім; 2) қатыстық сын есім.

– Сапалық сын есім сын есімнің тікелей өзі, яғни заттың түр-түсін, сын-сапасын анықтайды. Мысалы, жасыл (алқап), сарғыш (гүл), тәп-тәтті (алма), жаман (әдет), жақсы (қасиет), ұзын (көше), биік (тау), терең (өзен), жуас (жылқы), асау (тай), т.б.

– Қатыстық сын есім заттың сын-сипатын басқа сөз табының қатысы арқылы білдіреді. Мысалы, орманды алқап, гүлді өңір, алмалы бақ, әдепті қыз, қасиетті адам, құдіретті сөз, ақылды бала, дәмді тағам, өнерлі оқушы, салмақты мінез, шөлейт дала, шексіз аспан, т.б.

Сын есімнің түрленуі – оның шырай формасына енуі.

Шырай – тек сын есімге тән форма. Бір тектес заттардың сапалық белгісінің не артық, не кемдігін, сапа белгісінің әртүрлі дәрежеде болу қасиетін білдіреді.

Сын есімнің екі түрлі шырайы бар:

1. **Салыстырмалы шырай** біркелкі сындық белгінің бірінен екіншісінің артық немесе кемдігін салыстыру арқылы көрсетеді.

2. **Күшейтпелі шырай** біркелкі сындық белгінің бір-бірінен не өте **артық**, не өте **кем** екенін көрсетеді.

Күшейтпелі шырайдың жасалуы:

1) Сапалық сын есімнің алдына күшейтпелі буындардың үстелуінен жасалады: *әп-әдемі, жып-жылы, сеп-семіз, тап-таза, үп-үлкен, көкпеңбек, аппақ*, т.б.

Күшейтпелі шырай жасаушы буындар **дефис (-)** арқылы жазылады, тек *аппақ, көкпеңбек* сөздері **бірге** жазылады.

2) Күшейтпелі шырай сапалық сын есімдерге *өте, тым, аса, ең, тіпті, нағыз, орасан, өңшең, кіл, кілең* күшейткіш үстеулерінің **тіркесуі** арқылы жасалады. Бұл күшейткіш үстеулер сапалық сын есімнің алдынан **бөлек** жазылады. *Өте әдемі, тым биік, аса терең, ең мықты, тіпті ұзақ, нағыз шешен, орасан шыдамды, өңшең жүйрік, кілең күшті*, т.б.

Ой қозғау

- Баяғы өткен заманда Етістік деген әлемде әртүрлі заттар тіршілік етіпті. Заттардың не түсі, не пішіні болмай қызықсыз өмір сүріпті. Күндердің күнінде бұл елге өте алыс жерден Сын есім қария келіп елмен танысады екен. Сонда қария аң-таң болып, әр тұрғынмен танысып, сөйлеседі: - Сенің атын кім? - деді қария заттың атымен танысайын деп.
- - Алма – деп жауап берді ештеңеге ұқсамайтын зат.
- - Мұнда не істеп жүрсің? – деді қария іс-қимылын білейін деп.
- - Күз келгендіктен біз пісеміз – деп жауап береді.
- - Сын есімнің жаны қатты ашып, барлық заттарға қуаныш сыйлайын деп сөзін бастайды.
- - Алма сен бұдан былай, қызыл, домалақ, дәмді алмасын – дегені сол еді алмамыз қып-қызыл, домалақ болды да қалды. Солай бір апта бойы қонаққа келген Сын есім қария қол үзбей жұмыс істейді екен. Бұл елде бақыт орнау үшін бізде өзіміздің қол ұшымызды беріп көрейік.
- Жарайсыңдар балалар, енді ой түйіп көрейік.

Ассоциограмма



СӨЖ тапсырмалары

- Сын есім сөздердің зерттелуін және теориялық негіздерін ашу;
- сын есімді оқыту жолдары мен оқытудағы іс-тәжірибелерді саралау;
- сын есімнің бағдарламада берілуін ашып көрсету;
- сын есімді оқытуда дидактикалық материалдарды қолдануды ашып көрсету;
- сын есім сөздерін оқыту арқылы тіл дамыту әдістерін айқындау.

Жооба

Көкейкестілігі:

Пәні:

Мақсаты:



Мәтінмен жұмыс

Мектеп жасына дейінгі балалардың кішігірім математикалық терминдері:



Тест

Всего заданий

10

Бастау

Время тестирования

10

мин.



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее



Задание

1



Далее

Кейс стади

Он жасар Қуан мектепте «қиын» бала аталған. Наурыз мейрамы күні сынып жетекшісі оған бір - екі жолдасын ертіп мектеп ауласына он шақты тал отырғызуды міндеттеді. Ол өз жолдастарымен қоғамдық тапсырманы тиянақты орындап шықты. Мектеп линейкасында оларға алғыс айтылды. Осы кезден бастап бала өміріне өзгерістер ене бастады.

1. Жеткіншекке жасалған педагогикалық ықпалдың нәтижелі болу себебі неде?
2. «Қиын» бала мен педагогтың арасындағы қарым - қатынас қалай болу керек?



Бейнеролик бойынша сұрақтар:

Глоссарий

Грамматика – (грек. – әріп, жазу) тілдің құрылымы, яғни морфологиялық категориялар мен тұлғалар